

Ұзынкөл ауданында 2012 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 23 қаңтардағы № 42 қаулысы. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 13 ақпанда № 9-19-169 тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабына, 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшасына сәйкес Ұзынкөл ауданында 2012 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың тізбесі белгіленсін.

2. "Ұзынкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шараларды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Ташмағамбетов

КЕЛІСІЛДІ:

"Ұзынкөл ауданының жұмыспен

қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ Г. Асқарова

Әкімдіктің

2012 жылғы 23 қаңтардағы

№ 42 қаулысына қосымша

Ұзынкөл ауданында 2012 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі

1. Жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастағы жастар.
2. Елу жастан асқан адамдар.
3. Ұзақ уақыт жұмыс істемейтін азаматтар (он екі және одан артық айлар).

